

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы Самар ауылдық округінің Самар ауылының құрамдас бөліктерін қайта атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы Самар ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 6 мамырдағы № 2 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 13 мамырда № 28041 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабы 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 35-бабы 2-тармағына сәйкес, Самар ауылының тұрғындарының пікірін ескере отырып және облыстық ономастика комиссиясының 2021 жылдың 27 желтоқсанындағы қорытындысы негізінде, **ШЕШТІМ:**

1. Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы Самар ауылдық округінің Самар ауылының құрамдас бөліктері:

Новоселов көшесі - Шәмші Қалдаяқов көшесіне;

Солнечная көшесі - Шуақты көшесіне;

Подгорная - 2 көшесі - Қалисатар Жотабаев көшесіне;

Горный тұйық көшесі - Қыратты тұйық көшесіне қайта аталсын.

2. "Самар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді оның ресми жарияланғанынан кейін Көкпекті ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімінің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

әкімі

А. Кудербаев